

## МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, білім алушылардың үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру мақсатында **2026 жылдың 06 сәуір күні «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының аудандық фестивалі** ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес [abb\\_elzat@mail.ru](mailto:abb_elzat@mail.ru) электронды поштасына 2026 жылдың 03 сәуірге дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 4 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшының  
міндеттерін уақытша атқарушы**



*Самыл*

**Б.Самылтыров**

**«Бекітемін»**  
**Т.Рысқұлов ауданының білім**  
**бөлімінің басшының**  
**міндеттерін уақытша атқарушы**  
*Самыл* **Б.Самылтыров**  
**« 09 » ақпан 2026 жыл**

## **«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының аудандық фестивалін өткізу ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының аудандық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) мақсатын, міндеттерін, өткізу форматын, тәртібін және қаржыландыруын анықтайды.

2. Фестивальдің мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

2) өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;

3) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды экран арқылы насихаттау;

4) балалар мен жасөспірімдердің, оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын балалардың әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда өзін-өзі танытуға ықпал ету.

4. Тұрар Рысқұлов ауданының білім бөлімі мен Балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен **қашықтық форматында** өткізеді.

5. Фестивальді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады.

### **2. Фестивальді өткізу уақыты мен орны**

6. Фестивальдің аудандық кезеңі **қашықтық форматта 2026 жылдың 06 сәуір** күні Балалар мен жасөспірімдер орталығында өткізіледі.

7. Мекеме басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім (1-қосымша) **2026 жылдың 03 сәуіріне дейін** [abb\\_elzat@mail.ru](mailto:abb_elzat@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2026 жылдың 03 сәуірінен** кейін жіберілген байқау материалдары, сондай - ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

- 1) өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (Т.А.Ж., туған жылы, сыныбы, ЖСН, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, телефоны);
- 2) топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны
- 3) <http://www.youtube.com> арнасында MP 4 форматында орналастырылған бейнематериалға сілтеме. Бейнематериал үзіліссіз тұтас бір роликпен жіберіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кескінділері» қарастырылмайды.

### 3. Фестивальді өткізу тәртібі мен қатысушылар

8. Фестивальге аудандық кезеңінің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 11-17 жастағы білім алушылары (балалар және жасөспірімдер фильмдерінің авторлары, киностудиялардың балалар шығармашылық ұжымдары) қатысады.

Фестивальге кез-келген жанрдағы және шығармашылық шешімдегі авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялар көмегімен – бейнекамера, фотокамера және ұялы телефонмен монтаждалып түсірілген **3 минутқа дейінгі қысқа метражды** фильмдер (бейнежинақ) қабылданады.

#### 9. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) **ойынды кино**- операторлық және режиссерлік, актерлік ойындар өнері көмегімен түсірілген сюжетті (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;
- 2) **деректі кино** - нақты оқиғалар немесе құбылыстарды баяндайтын фильмдер;
- 3) **анимация**- балалар әзірлеген мультфильмдер;
- 4) **үздік бейнеклип, бейнеролик** -авторлық көркем тұжырымдаманы қамтитын және оны білдіру үшін бейне техникасы мен компьютерлік өндеудің соңғы құралдарын қолданатын бейне;
- 5) **телевизиялық сюжет**- отбасы тарихы, туған өлке, мектеп және басқа да қалықты оқиғалар туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кинохроника;
- 6) **балаларға арналған ең үздік телебағдарлама** - балалардың өмірін бейнелейтін жеке эпизодтар, көріністері бар қысқа метражды фильм;
- 7) **үздік ғылыми-танымал фильм** -ғылыми-зерттеу, ғылыми-көпшілік, оқыту киносы.

#### 10. Байқау жұмыстары келесі бағалау өлшемдері бойынша бағаланады:

- 1) фильмде тарихи, көркем және мәдени мұраны көрсетудің толықтығы;
- 2) тақырыпты ашу тереңдігі, танымдығы, мәдени құрамдастығы;
- 3) өзектілігі, эмоционалдық әсері;
- 4) режиссерлік және операторлық өнері (түсірілімнің күрделілігі, техникалық сапасы, бейнесуреттің анықтығы және дыбыстың сапасы, монтаждау өнері);
- 5) музыкалық сүйемелдеу;

б) сценарийлік жұмыс.

**11. Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:**  
балалар мен ересектердің өмірі, жұмысы, хоббиі, олардың армандары;  
салауатты өмір салтын насихаттау;  
мейірімділік пен қайырымдылықтың, достықтың көрінісі;  
ұрпақтар диалогі;  
балалар мен жасөспірімдер үшін маңызды және өзекті мәселелер;  
мәдени және білім беру құндылықтары;  
экология және қоршаған ортаны қорғау;  
фильмнің мазмұны тақырыпты ашуы;  
отансүйгіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге қызығушылық;

**12. Байқау жұмыстарын ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар.**

Видеоның форматы: **mp4** (16:9 көлденең түсірілген видео). Жұмыста видеофильмдерден алынған видео, фото, интервью, блиц-сұрақтар, көркем суреттер, титрлар мен субтитрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған фрагменттер қолданылады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс.

13. Фестивальге бір автор бір фильмнен артық ұсына алмайды. Фестивальге ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Фестивальге ұсынылған фильмнің дыбысталуынан немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға жіберілмейді.

14. Фильм бөтен адамның авторлық құқығын бұзбауы керек. Фильмде нәсілдік, ұлтаралық, діни ымырасыздық элементтері, азаматтардың құқықтары мен қадір-қасиетін зорлық-зомбылыққа және бұзуға шақырулар болмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

15. Фестивальдің ұйымдастырушылары байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

**ЕСКЕРТУ:** Облыстық кезеңге аудандық кезеңнің әр номинациясы бойынша I -ші орын иегерлерінің жұмысы жіберілуі қажет.

#### **4. Қатысушыларды марапаттау**

16. Фестивальдің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Анықтама телефоны: 8 7754311985 , Тилеубаева Эльзат Аязқұлқызы.

**«Қазақстан балалары шексіз әлемде!»  
балалар киносының аудандық фестиваліне қатысуға өтінім**

№	Жұмыс атауы youtube арнасына сілтеме	Орындаушының ТА.Ә.	Туған күні, жылы, ЖСН	Тұрғылықты мекенжайы, индексі	Білім беру ұйымы, сыныбы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны, электрондық поштасы
1	<i>«Ойынды кино»</i>					
2	<i>«Деректі кино»</i>					
3	<i>«Анимация»</i>					
4	<i>«Үздік бейнеклип, бейнеролик»</i>					
5	<i>«Телевизиялық сюжет»</i>					
6	<i>«Балаларға арналған ең үздік телебағдарлама»</i>					
7	<i>«Үздік ғылыми-танымал фильм»</i>					